



***«Құзыреттілік-бағдарлы  
тапсырмаларды қолдану  
негізінде сабақта оқушылардың  
кілтті және пәндік  
құзіреттілігін дамыту»***




# Ой бөлісу




- ❖ Құзыреттілік дегеніміз не?
- ❖ Кілтті құзыреттілік?
- ❖ Пәндік құзыреттілік?




# Құзыреттілік




- ❖ Қазіргі педагогика ғылымында негізгі ұғымдардың бірі - «құзыреттілік». «Құзыреттілік» (латын сөзі) *competens* – қабілетті, қатысты деген мағынада. «Құзыреттілік» терминіне алғаш анықтама беріп, енгізген американдық ғалым Н.Хомский.
- ❖ Құзыреттілік дегеніміз – тұлғаның, оқушының бойында білім, дағды, іскерлік, ерік күш–жігердің болуы. Құзыреттілік – оқушы іс-әрекетінің сапасынан көрінетін білім нәтижесі. Құзыреттілік ұғымы «білім», «білік» және «дағды» сияқты ұғымдарды қамтиды. Құзыреттілік – бұл алынған білімдер мен біліктерді іс-жүзінде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық мәселелерді шешуге қолдана алу қабілеттілігі.




- ❖ Біріншіден, қазіргі таңда ҚР білім және ғылымды дамытудың басым бағыттарын жүзеге асыру бойынша біздің мемлекетіміздің әлемдегі бәсекеге қабілетті отыз елдің қатарына және әлемдік білім беру кеңістігіне енуі үшін **білім беру мазмұны жаңартылуда.**
- ❖ Екіншіден, білім беруді жаңарту оқушылардың білімін ғана емес, оларды қолдану дағдыларын, атап айтқанда, **функционалдық сауаттылығын немесе құзыреттілігін** қалыптастырумен байланысты. Қазіргі тез өзгермелі әлемде функционалдық сауаттылық адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай-ақ «өмір бойы білім алуына» ықпал ететін базалық факторлардың біріне айналуда.




*Құзыреттілік*



*Негізгі (кілтті)*




*Пәндік*




- ❖ Мұғалім білім алушының бойына алған білімін практикалық жағдайда тиімді және әлеуметтік бейімделу үдерісінде пайдалана алатындай негізгі құзыреттіліктерді сіңіруі керек.
- ❖ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 қаулысымен бекітілген, Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған Ұлттық іс-қимыл жоспарында 7 негізгі құзыреттілік белгіленген.

# Негізгі (кілтті) 7 құзыреттілік



1. **Басқарушылық** (проблеманы шешу қабілеті);
2. **Ақпараттық** (өзіндік танымдық қызметке қабілеті немесе өмір бойы білім ала білуі);
3. **Коммуникативтік** (үш тілде: қазақ, орыс және ағылшын (шет) тілдерінде ауызша, жазбаша және нәтижелі қарым-қатынас жасауға қабілеті);
4. **Әлеуметтік** (қоғамда, өзі өмір сүрген ортада іс-әрекет жасай алу қабілеті);
5. **Тұлғалық** (өзіндік іске асыру, өзін-өзі жетілдіру, өмірлік және кәсіби өзін-өзі анықтау, төзімді болу қабілеті);
6. **Азаматтық** (қазақстандық сана-сезім мен мәдени ұқсастық негізінде өзінің отаны үшін жауапкершілікті сезіну қабілеті);
7. **Технологиялық** (тиімді пайдалану деңгейінде технологияларды, оның ішінде ғылыми, сандық технологияларды пайдалану қабілеті).


# Пәндік құзыреттілік



- ❖ Білім алушы осы аталған негізгі құзыреттіліктермен қатар пәндік құзыреттіліктерді (әр пәннің мазмұны арқылы) меңгеруі тиіс.
- ❖ **Пәндік құзыреттілік** – білім беру қызметінде белгілі бір пәндер шеңберіне қатысты білім, білік, дағдысы мен іс – әрекетінің сапалық жиынтығы. Педагогикалық және әлеуметтік психологияның негіздерін қолдана білу




# Оқытуда басшылыққа алынатын 3 негізгі құзыреттілік



- ❖ **Пәндік құзыреттілік** – білімді игеру деңгейімен, оны практикада қолдану біліктілігі және дағдысымен сипатталады. (білім, білік, дағды)
- ❖ **Ақпараттық-технологиялық құзыреттілік** – оқулықтан, ғылыми-танымал әдебиеттерден, газет-журналдардан, интернет арқылы, теледидар, радио тәрізді әр түрлі ақпарат көздерінен ақпарат алу тәсілдерін меңгеру, мультимедиялық, электрондық, сандық білім ресурстарын тиімді қолданумен сипатталады.
- ❖ **Коммуникативтік құзыреттілік** – жұппен және топпен жұмыс істеу білігімен, ұжымдық шешім таба білумен, мәселені ұжымдық талқылауға қатысумен, өз пікірін кішіпейілділікпен дәлелдеумен сипатталады.

# Оқу пирамидасы




Дереккөз: Ұлттық оқу зертханалары, Бефель, Мэн штаты, АҚШ

# Құзыреттілікті дамытуда қолданылатын технологиялар



*Балаға күштеп білім беруден гөрі, баланың білімге деген құштарлығын ояту ең маңызды мақсат.*

*Ушинский*



*Оқыту мен оқудағы жаңа әдіс-тәсілдер*



*Сын тұрғысынан ойлау*

*Оқу үшін бағалау оқуды бағалау*

*Білім беруде АКТ-ны пайдалану*



*Талантты және дарынды балаларды оқыту*


*Білім берудегі басқару және көшбасшылық*

*Жас ерекшеліктеріне қарай оқыту*



*Құзыретті оқушы даярлау мақсатында оқушылардың іс-әрекетін белсендіруге және қарқындандыруға негізделген технологиялардың бірі - «Проблемалық оқыту», және «Жобалау технологиясы».*

# Құзыреттілікті дамытуға арналған әдістер



- ❖ Ойлаудың алты қалпағы
- ❖ Жылжымалы дебат
- ❖ Гиббстың рефлексивті циклы
- ❖ Тұжырымдамалық карта
- ❖ Кластер, постер;
- ❖ Галлерейаны шарлау;
- ❖ Бірлескен жоба;
- ❖ Концептуалды кесте;
- ❖ Джигсо әдісі;
- ❖ Үш қадамды сұхбат;
- ❖ Қос жазба күнделігі;
- ❖ Кубизм;
- ❖ Веб-квест



# Құзыреттілік-бағдарлы тапсырмалар




- ❖ қысқаша жазба жұмыстары (тезистер, конспектілер, буклеттер, эссе, тарихи шығарма, т.б.);
- ❖ тест тапсырмалары (жабық тест, ашық тест, реттік тест, сәйкестендіру тесті, мәтіндік тест, жағдаяттық тапсырма, құрама тест, балама тест, көпжауапты тест);
- ❖ шығармашылық жұмыстар (рөлдік ойындарға, сахналық көріністерге дайындық);
- ❖ өзара бақылау жұмыстары, өздік бақылау, қатемен жұмыс, жоба жұмысы. (ӘНХ, 106 б)





# Құзыреттілікті дамыту жолдары



*Ынтымақтастық  
атмосферасын  
қалыптастыру*



*Кері байланыс*




*Өзін-өзі бағалау*

*Деңгейлік тағалыма*



*Топтық  
жұмыс*




*Постер  
жасау*



*Ойлаудың 6 қалпағы*





## ❖ Оқушылар:

- өздігінен талдауды
  - өз қызметіне мақсат қояды
  - жоспарлау мен жинақтауды
  - қорытындылау, салыстыра дәлелдеуді
  - сыни тұрғыдан шешім қабылдауды
  - өзін-өзі бағалауды
  - өзін-өзі реттеуді
  - өз әрекетінің әлсіз және күшті жақтарын көрсете білуді
  - нені меңгергенін, нені меңгермегенін анықтауды
  - өз білімін өзгермелі жағдайларда қолдана білуді
- үйренеді.






- ❖ Сонымен, оқушылардың кілтті және пәндік құзыреттілігін дамыту үшін ең алдымен мұғалім өзінің шығармашылық, кәсіби құзыреттілігін шыңдай түсуі керек.
- ❖ Сонда ғана біз функционалды сауатты, жан – жақты дамыған, рухани бай тұлғаны қалыптастыра аламыз.







*Назарларыңызға  
рахмет!*